

## Уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы өтініш туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 128 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 434-бабының 1-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған:

Уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы өтініштің нысаны;

Уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы өтініш нысанын толтыру тәртібі;

Уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар тізбесі бекітілсін.

2. Уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы өтініш электрондық құжат немесе қағаз жеткізгіштегі құжат түрінде беріледі деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң, бірақ ерте дегенде Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы 2017 жылғы 11 сәуірдегі шарт күшіне енген күннен кейін күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Терагасы

T. Саркисян

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2017 жылғы 26 қыркүйектегі  
№ 128 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

## Уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы өтініш НЫСАНЫ

### Уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы ӨТІНІШ

---

(занды тұлғаның толық және қысқартылған (бар болған жағдайда) атауы)

---

(СТЕН (Армения Республикасы үшін), СТЕН (Беларусь Республикасы үшін), БСН (Қазақстан Республикасы үшін),

СТСН (Қыргыз Республикасы үшін), СТСН/ЕҚСК (Ресей Федерациясы үшін))

куәлік (куәліктер) беріп, оны уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) енгізу ді сұрайды

бірінші		екінші		бірінші және екінші			үшінші	
---------	--	--------	--	---------------------------	--	--	--------	--

типті (типпер) және Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 433-бабында белгіленген талаптардың орындалуын растайтын мәліметтерді мәлімдейді.

## I. Жалпы мәліметтер

№ р/с	Тізілімге енгізу талабы	Мәні немесе талаптардың сақталуы туралы белгі	Ең төменгі мән
1	2	3	4
	Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру, жыл		3
	Кеден ісі саласындағы қызметті мыналар ретінде жүзеге асыру:		
	кеден өкілі, жыл		
	уақытша сақтау қоймасының иесі, жыл		3
	кеден қоймасының иесі, жыл		
	кедендік тасымалдаушы, жыл		2
	соның ішінде:		
	1.1	тауарларды тасымалдау бойынша қызметтер көрсету бойынша қызметті қоспағанда, сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру кезінде, әрбір жыл үшін тауар декларациялары тапсырылған, дана	10*
		Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілген тауарлардың соммалық құны әрбір жыл үшін өуромен сомаға эквивалентті шаманы құрайды**	500 000*
1	1.2	тауарларды тасымалдау бойынша қызметтер көрсету бойынша сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру кезінде әрбір жыл үшін транзиттік декларациялар тапсырылды, дана	250
		кеден ісі саласындағы қызметті кеден өкілі ретінде жүзеге асыру	

		кезінде әрбір жыл үшін кедендік декларациялар тапсырылды, дана	200*	
1.3		тапсырылған кедендік декларацияларға мәлімделген тауарлардың соммалық құны әрбір жыл үшін евромен сомаға эквивалентті шаманы құрайды**	500 000*	
1.4		кеден ісі саласындағы қызметті уақытша сактау қоймаларының, кедендік қоймалардың иесі ретінде жүзеге асыру кезінде соммалық құны әрбір жыл үшін евромен сомаға эквивалентті шаманы құрайтын тауарларды сактау жүзеге асырылды**	500 000*	
1.5		кеден ісі саласындағы қызметті кедендік тасымалдаушы ретінде жүзеге асыру кезінде әрбір жыл үшін транзиттік декларациялар тапсырылды, дана	250	
Уәкілдеп тауарлардың міндеттерін атқаруды мынадай тәсілдермен қамтамасыз ету жоспарланады (егер қамтамасыз етуді ұсыну туралы талап тізілімге енгізу үшін міндетті болып табылатын болса толтырылады)***				
2	2.1	евромен сомаға эквивалентті сомада ақшалай қаражатты (ақша) салу	Кодекстің 436-бабында белгіленген мән	
	2.2	евромен сомаға эквивалентті сомаға банк кепілдігі		
	2.3	евромен сомаға эквивалентті сомаға кепілгерлік		
	2.4	евромен сомаға эквивалентті сомаға мұлік кепілі		
2.5	2.5.1	міндеттерді атқаруды өзге де тәсілмен қамтамасыз ету (көрсету):_____ _____ евромен сомаға эквивалентті сомада		
	2.5.2	міндеттерді атқаруды өзге де тәсілмен қамтамасыз ету (көрсету):_____ _____ евромен сомаға эквивалентті сомада		

3	Барлық Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) кедендік төлемдерді, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын, өсімақыларды, пайыздарды төлеу бойынша белгіленген мерзімде орындалмаған міндет жоқ		–
4	Өтініш беруші тіркелген мүше мемлекеттің салықтар және алымдар туралы заңнамасына (салық заңнамасына) сәйкес қарыз (берешек) жоқ		–
5	Барлық мүше мемлекеттерде өтініш берушіні 1 жыл ішінде әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту, мүше мемлекеттердің заңнамасымен тізілімге енгізуден бас тарту үшін негіз ретінде белгіленген бұзушылықтар үшін жауапкершілікке тарту фактілері жоқ		–
6	Барлық мүше мемлекеттерде өтініш беруші акцияларының 10 және одан көп пайызын иеленетін акционерлері, оның құрылтайшылары (қатысушылары), басшылары, бас бухгалтерлері болып табылатын мүше мемлекеттердің жеке тұлғаларын олар бойынша өндіріс кеден және өзге де мемлекеттік органдардың жүргізуіне жатқызылған қылмыстар немесе қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту, оларды жасағаны үшін жауапкершілікке тарту мүше мемлекеттердің заңнамасымен тізілімге енгізуден бас тарту үшін негіз ретінде белгіленген фактілер жоқ		–
7	Өтініш берушінің тауарларын есепке алу жүйесі мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасымен белгіленген талаптарға жауап береді, кедендік операцияларды жүргізу кезінде кеден органдары ұсынған мәліметтерді шаруашылық операцияларды жүргізу туралы мәліметтермен салыстыруға мүмкіндік береді және кеден органдарының осындағы мәліметтерге қолжетімділігін (соның ішінде қашықтықтан) қамтамасыз етеді		–
8	Кодекстің 433-бабының 7-тармагында көзделген тізілімге енгізуге үміткер заңды тұлғаның қаржылық орнықтылығын және қаржылық орнықтылықты сипаттайтын және осы тізілімге енгізу үшін қажетті мәндерді анықтау тәртібіне сәйкес есептелген өтініш берушінің қаржылық орнықтылығының жиынтық көрсеткіші, балл		50
9	Тауарларды уақытша сактауға арналған құрылыштар, үй-жайлар (үй-жайлардың бөліктері) және (немесе) ашық аландар (ашық аландардың бөліктері) өтініш берушінің:		
	9.1 меншігінде		–
	9.2 шаруашылық жүргізуінде		–
	9.3 жедел басқаруында		–

	9.4	шарт бойынша кемінде 1 жыл мерзімге жалға алынған		—
10		Аумағында тауарларды уақытша сақтау, кедендік транзиттің кеден рәсімдерін аяқтау жүзеге асырылатын және (немесе) кедендік бақылау жүргізілетін құрылыштарға, үй-жайларға (үй-жайлардың бөліктеріне) және (немесе) ашық алаңдарға (ашық алаңдардың бөліктеріне) қойылатын, өтініш берушінің көлік құралдарына және жұмысшыларына қойылатын Кодекстің 433-бабы 3-тармағының 4-тармақшасында көзделген талаптар сақталады		—
11		Өтініш беруші тізілімге енгізілді (өтініш берілген сәтте енгізу кезеңі): 11.1 бірінші типтің куәлігін беріп, жыл 11.2 екінші типтің куәлігін беріп, жыл 11.3 Кеден одағының Кеден кодексіне сәйкес куәлікті беріп, жыл 11.4 екінші немесе үшінші типтің куәлігін беріп		2
12		Өтірін берілген күнге дейін 1 жыл ішінде тізілімнен шыгару фактісі жоқ		—

\* Кеден органына өтініш берілетін мүше мемлекеттің кедендік реттеу туралы заңнамасымен Кодекстің 433-бабына сәйкес өзге де ең төмен мән белгіленуі мүмкін.

\*\* Мүше мемлекеттің орталық (ұлттық) банкі бекіткен өтініш берілген күні қолданыстағы валюта курсы бойынша есептеледі.

\*\*\* Егер мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасымен уәкілетті экономикалық оператордың міндеттерін атқару Кодекстің 436-бабының 6-тармағына сәйкес белгіленген тәсілмен (тәсілдермен) қамтамасыз етіletіn болса, қамтамасыз ету тәсілін таңдау осы мүше мемлекеттің заңнамасымен белгіленген тәсілдерден ғана жүзеге асырылады.

## II. Мүше мемлекеттердің өтініш берушінің акцияларының 10 және одан көп пайзының иеленетін акционерлері, оның құрылтайшылары (қатысушылары), басшылары, бас бухгалтерлері болып табылатын жеке тұлғалары туралы мәліметтер

№ р/с	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (жеке басты қуәландыратын күжатқа сәйкес)	Тұган күні және жері (жеке басты қуәландыратын күжатқа сәйкес)	Өтініш берушіге қатысы (акционер, құрылтайшы (қатысушы), басшы, бас бухгалтер)	Ескерту
1	2	3	4	5
1				
2				

**III. Қаржылық орнықтылық көрсеткіштерінің және қаржылық орнықтылықтың жиынтық көрсеткішінің мәндері туралы мәліметтер**

№ р/с	Көрсеткіштің атауы	Көрсеткіш-тің 3 жылға орташа мәні (есептік)	Көрсеткіш-тің критерийі (ең тәменгі)	Көрсеткіш-тің мәні баллдық жүйеде	Көрсеткіш-тің нақты маңызы (баллмен)
1	2	3	4	5	6
1	Таза активтердің көлемі			30	
2	Жарғылық капиталдың көлемі			10	
3	Негізгі құралдардың қалдық құны			10	
4	Автономия коэффициенті		0,30	10	
5	Жалпы (ағымдағы) өтімділігінің коэффициенті		1,00	10	
6	Меншікті капиталдың рентабельділігі, пайыз		5,00	5	
7	Қаржылық орнықтылық коэффициенті		0,60	15	
8	Ағымдағы қызметтің меншікті айналымдағы активтермен қамтамасыз етілу коэффициенті		0,10	5	
9	Меншікті капиталдың маневрлігі коэффициенті		0,20	5	
10	Тізілімге енгізуге үміткер заңды тұлғаның жиынтық көрсеткіші (ең азы 50 балл)				

**IV. Тауарларды уақытша сақтауға арналған құрылыштар, үй-жайлар (үй-жайлардың бөліктері) және (немесе) ашық аландар (ашық аландардың бөліктері) туралы мәліметтер**

		Меншікте, шаруашылық жүргізуде, жедел
--	--	---------------------------------------

№ р/с	Объектінің орналасқан жерінің мекенжайы	басқаруда немесе жалға алуда болатынын растайтын құжаттың нөмірі және күні	Құжаттың (жалға алу шартының) әрекет ету мерзімі
1	2	3	4
1			
2			

#### V. Оқшауландырылған бөлімшелер және (немесе) филиалдар туралы мәліметтер

№ р/с	Оқшауландырылған бөлімшениң және (немесе) филиалдың атауы (толық және қысқартылған – бар болған жағдайда)	Оқшауландырылған бөлімшениң және (немесе) филиалдың мүше мемлекеттің салық органды (мемлекеттік кірістер органды) берген нөмірі
1	2	3
1		
2		

#### VI. Осы өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар

№ р/с	Құжаттардың атауы	Парақтар саны
1	2	3
1	Занды тұлғаның құрылтайшы құжаттарының көшірмелері	
2	Өтініш беруші тіркелген мүше мемлекеттің салық және алымдар туралы заннамасына (салық заннамасына) сәйкес өтініш берушінің қарызы (берешегі) жок екенін растайтын құжат	
3	Қаржылық орнықтылықтың көрсеткіштері және қаржылық орнықтылықтың жиынтық көрсеткіші мәндерін есептеуді растайтын құжаттар (құжаттардың көшірмелері)	
4	Мүше мемлекеттің құзыретті органды берген және өтініш беруші акцияларының 10 және одан көп пайызын иеленетін акционерлері, оның құрылтайшылары (катьисушилары), басшылары, бас бухгалтерлері болып табылатын мүше мемлекеттердің жеке тұлғаларын қылмыстық жауапкершілікке тарту фактілерінің жоқ екенін растайтын құжаттар	

5	Өтініш берушіде мүше мемлекеттің кедендейк реттеу туралы заңнамасымен белгіленген талаптарға жауап беретін, кедендейк операцияларды жүргізу кезінде кеден органдары ұсынған мәліметтерді шаруашылық операцияларды жүргізу туралы мәліметтермен салыстыруға мүмкіндік беретін және кеден органдарының осындай мәліметтерге қолжетімділігін (соның ішінде қашықтықтан) қамтамасыз ететін тауарларды есепке алу жүйесінің бар екенін раставтын құжаттар	
6	Екінші немесе үшінші типті қуәлікті алуға үміткер өтініш берушіде тауарларды уақытша сактауға, кедендейк транзиттің кедендейк рәсімдері әрекеттерін аяқтауға және (немесе) кедендейк бакылауды жүргізуге арналған құрылыштарының, үй-жайларының (үй-жайлары бөліктерінің) және (немесе) ашық аландарының (ашық аландар бөліктерінің) болуын раставтын құжаттардың көшірмелері	
7	Өзге де құжаттар	

(өтініш беруші басшысының  
лауазымы)

(өтініш берушінің қолы)

(өтініш берушінің Т.А.Ә.)

"—" 20 ж.

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2017 жылғы 26 қыркүйектегі  
№ 128 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

## Уәкілетті экономикалық операторлар тіліміне енгізу туралы өтініш нысанын толтыру ТӘРТІБІ

1. Уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы өтініште (бұдан әрі тиісінше – өтініш, тізілім) тізілімге енгізуге үміткер заңды тұлғаның (бұдан әрі – өтініш беруші) құрылтайшы құжаттарға сәйкес толық және қысқартылған атауы (бар болған жағдайда), сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекет) салық органы (мемлекеттік кірістер органы) берген нөмірі көрсетіледі.

2. Өтініш беруші тиісті өрісте "" белгісін көрсету арқылы күеліктің сұрау салынған типі нұскаларының бірін таңдайды, бұл ретте басқа өрістерде "" бос белгісі қойылады.

3. Өтініштің I бөлімінде кестенің 3-графасында:

1 (соның ішінде 1.1 – 1.5-тармақшаларда), 2, 8-тармақтарда және 11.1 – 11.3-тармақшаларда – тізілімге қосу талаптарының сақталуын растайтын мәндер;

3 – 7, 9, 10-тармақтарда, 11.4-тармақшада және 12-тармақта – тізілімге енгізуіндегі тиісті талаптарының сақталуын растау кезінде "" белгісі түрінде талаптардың сақталуы туралы белгілер көрсетіледі.

Өтініш беруші өтініштің I бөлімінің 1 (соның ішінде 1.1 – 1.5-тармақшаларда), 2, 9-тармақтарда және 11.1 – 11.3-тармақшаларда көрсетілген тізілімге енгізуіндегі екі және одан көп талаптарын орындаған кезде кестенің 3-графасында осы тармақтар мен тармақшалардың әрқайсысында тиісті мән немесе талаптың сақталуы туралы белгі көрсетіледі.

Мәндер болмаған кезде, сондай-ақ күеліктің сұрау салынған типі үшін Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 433-бабына сәйкес талап тізілімге енгізу үшін міндетті болып табылмаған жағдайда өтініштің I бөлімінде кестенің 3-графасында "" бос орын белгісі қойылады.

4. Өтініштің I бөлімінің 1.1 және 1.3-тармақшаларында кестенің 3-графасында талаптардың бірінің мәнін көрсету міндетті болып табылады, басқа талаптың мәні өтініш берушінің қалауы бойынша беріледі.

5. Өтініштің I бөлімінің 2-тармағында кестенің 3-графасында тізілімге енгізу талаптарының сақталуын растайтын мәндер егер талап тізілімге енгізу үшін міндетті болып табылатын жағдайда көрсетіледі.

Егер уәкілетті экономикалық оператордың міндеттерін атқару өтініштің I бөлімінің 2.1 – 2.4-тармақшаларында көрсетілгендерден және мүше мемлекеттің заңнамасында көзделгендерден ерекшеленетін тәсілдермен қамтамасыз ету жоспарланған жағдайда өтініш берілетін кеден органына осындай тәсілдер туралы ақпарат кестенің 3-графасында тиісті мәнді көрсете отырып өтініштің I бөлімінің 2.5-тармақшасында (2-графада) беріледі.

6. Өтініштің I бөлімінің 8 – 10-тармақтарында кестенің 3-графасында мәндерді немесе талаптардың сақталуы туралы белгілерді өтініш беруші екінші немесе үшінші типті күәлік берумен тізілімге енгізу туралы өтінішті беру кезінде көрсетеді.

7. Өтініштің I бөлімінің 11.1 – 11.3-тармақшаларында кестенің 3-графасында мәндер үшінші типті күәлік берумен тізілімге енгізу туралы өтініш берген кезде бірінші және (немесе) екінші типті күәлігі бар өтініш беруші немесе тізілімге енгізілген өтініш беруші Кеден одағының Кеден кодексіне сәйкес көрсетеді.

8. Екінші немесе үшінші типті күәлігі бар уәкілетті экономикалық оператор болып табылатын өтініш беруші бірінші типті күәлік берумен тізілімге енгізуге өтініш берген

жағдайда өтініштің I бөлімінде кестенің 3-графасында 2-тармақты және 11.4-тармақшаны ғана толтырады. Бұл ретте өтініштің II – VI бөлімдері толтырылмайды.

9. Өтініштің II бөлімінде кестеде өтініш беруші акцияларының 10 және одан көп пайызын иеленетін акционерлері, оның құрылтайшылары (қатысушылары), басшылары, бас бухгалтерлері болып табылатын мүше мемлекеттердің жеке тұлғалары туралы мәліметтер көрсетіледі.

Бұл ретте Ресей Федерациясының заңды тұлғасы болып табылатын өтініш беруші кестенің 3-графасында тиісті тұлғалардың жеке басын қуәландыратын құжаттарына сәйкес тұрғылықты жері және (немесе) келген орны бойынша тіркелген мекенжайын қосымша көрсетеді.

10. Өтініштің III бөлімінде кестенің 3, 4 (1 – 3-тармақтарында) және 6-графаларында тізілімге енгізуге үміткер заңды тұлғаның қаржылық орнықтылығын анықтау тәртібіне сәйкес есептелген қаржылық орнықтылық көрсеткіштерінің мәндері және қаржылық орнықтылықтың жиынтық көрсеткіштері және Кодекстің 433-бабының 7-тармағында көзделген қаржылық орнықтылықты сипаттайтын және осы тізілімге енгізу үшін қажетті мәндер туралы мәліметтер көрсетіледі.

Егер қаржылық орнықтылық тізілімге енгізудің міндettі талабы болып табылмайтын жағдайда кестенің 3, 4 (1 – 3-тармақтарда) және 6-графаларында "" бос орын белгісі қойылады.

11. Өтініштің IV бөлімін өтініш беруші екінші немесе үшінші типті қуәлік берімен тізілімге енгізу туралы өтініш берген кезде толтырады.

Егер объектілерді өтініш беруші жалға алған жағдайда кестенің 4-графасында жалға алу шарты жасалған мерзім көрсетіледі, өзге жағдайларда "" бос орын белгісі қойылады

12. Өтініш берушіде оқшауланған бөлімшелер және (немесе) филиалдар бар болған жағдайда олар және мүше мемлекеттердің салық органдарының (мемлекеттік кірістер органдары) оларға берген нөмірлері (мұндай нөмірлер бар болған жағдайда) туралы мәліметтер өтініштің V бөлімінде көрсетіледі. Оқшауланған бөлімшелер және (немесе) филиалдар жоқ болған жағдайда өтініштің V бөлімінде кестенің барлық графаларында "--" бос орын белгісі қойылады.

13. Өтініштің VI бөлімінде кестенің 3-графасында өтініште көрсетілген мәліметтердің растайтын құжаттардың парақтары саны не, егер өтінішке тиісті құжаттар қоса берілмеген жағдайда, "--" бос орын белгісі көрсетіледі.

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2017 жылғы 26 қыркүйектегі  
№ 128 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**Уәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне енгізу туралы өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар**

**ТІЗБЕСІ**

1. Занды тұлғаның құрылтайшы құжаттарының көшірмелері.
2. Өтініш беруші тіркелген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекеттің) салық және алымдар туралы заңнамасына (салық заңнамасына) сәйкес өтініш берушінің қарызы (берешегі) жоқ екенін растайтын құжат (мұндай құжат бар болған жағдайда өтініш берушінің қалауы бойынша ұсынылады). Беларусь Республикасының занды тұлғасы болып табылатын өтініш беруші көрсетілген құжаттарды ұсынбайды.
3. Қаржылық орнықтылықтың көрсеткіштері және қаржылық орнықтылықтың жиынтық көрсеткіші мәндерін есептеуді растайтын құжаттар (құжаттардың көшірмелері) (Беларусь Республикасының занды тұлғасы болып табылатын өтініш беруші ұсынады).
4. Мүше мемлекеттің құзыретті органды берген және өтініш беруші акцияларының 10 және одан көп пайызын иеленетін акционерлері, оның құрылтайшылары (қатысушылары), басшылары, бас бухгалтерлері болып табылатын мүше мемлекеттердің жеке тұлғаларын қылмыстық жауапкершілікке тарту фактілерінің жоқ екенін растайтын құжаттар (мұндай құжат бар болған жағдайда өтініш берушінің қалауы бойынша ұсынылады).
5. Өтініш берушіде мүше мемлекеттің кедендік реттеу туралы заңнамасымен белгіленген талаптарға жауап беретін, кедендік операцияларды жүргізу кезінде кеден органдары ұсынған мәліметтерді шаруашылық операцияларды жүргізу туралы мәліметтермен салыстыруға мүмкіндік беретін және кеден органдарының осындағы мәліметтерге қолжетімділігін (соның ішінде қашықтықтан) қамтамасыз ететін тауарларды есепке алу жүйесінің бар екенін растайтын құжаттар (егер мұндай құжаттарды құру мүше мемлекеттің кедендік реттеу туралы заңнамасында көзделген жағдайда ұсынылады).
6. Екінші немесе үшінші типті куәлікті алуға үміткер өтініш берушіде тауарларды уақытша сақтауға, кедендік транзиттің кедендік рәсімдері әрекеттерін аяқтауға және (немесе) кедендік бақылауды жүргізуге арналған құрылыштарының, үй-жайларының (үй-жайлары бөліктерінің) және (немесе) ашық аландарының (ашық аландар бөліктерінің) болуын растайтын құжаттардың көшірмелері.
7. Өзге де құжаттар (өтініш берушінің қалауы бойынша ұсынылады).

Ескерту. Егер мұндай құжаттар туралы мәліметтерді және (немесе) олардың мәліметтерін кеден органдары ақпараттық өзара іс-қимыл шеңберінде кеден органдары пайдаланатын ақпараттық жүйелерден, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарының (ұйымдарының) ақпараттық

жүйелерінен алған болса, өтініш беруші осы тізбеде көрсетілген құжаттарды ұсынбауы мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК